

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
«Ақпараттық – коммуникациялық технологиялар» даярлау бағыты бойынша
Академиялық Комитет мәжілісі

№1 ХАТТАМАСЫ

Кентау қаласы

16.10.2024ж.

Қатысқандар: АҚ төрағасы, PhD, аға оқытушы Жунисов Н.М., п.ғ.к., Алиева А.О., Амиртаев К. Б. - аға оқытушы, Садыбеков Р.Ш. - аға оқытушы, Искендірова Г.С.- аға оқытушы, Байжанов М.Д. - «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Түркістан облысы бойынша өкілдігінің басшысы, Абен А.Б.- 8D06115-Ақпараттық жүйелер ББ докторанты, Исаков Д. - 7M06128- Ақпараттық жүйелер ББ магистранты, Абдіхалық А.Ш. -6B06151-Ақпараттық жүйелер ББ студенті.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Академиялық комитет құрамын жасақтау, АҚ жұмысын ұйымдастыру, Ережелермен танысу, 2024-2025 оқу жылына жұмыс жоспарын әзірлеу, талқылау, бекітуге ұсыну
2. ББ даму жоспарын (2024-2029 жж) әзірлеу, талқылау, бекітуге ұсыну
3. Аккредитациядан өткен ББ бойынша іс-шаралар есептерін және постмониторинг есептерін даярлау
4. Қыркүйек, қазан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша АҚ төрағасы Н.М.Жунисов: бірінші мәселе бойынша Академиялық комитет құрамын жасақтау, АҚ комитет жұмысын ұйымдастыру керектігін айтты. Академиялық комитет құрамын кафедра мәжілісінде талқылап, төмендегіше ұсынылды.

«Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» даярлау бағыты бойынша:

АҚ төрағасы:

- | | |
|--------------------------------|--|
| 1. Жунисов Нурсейт Мухидинович | - Компьютерлік инженерия кафедрасы, PhD, аға оқытушы |
|--------------------------------|--|

АҚ мүшелері:

- | | |
|------------------------------------|---|
| 1. Алиева Ақбаян Орынбаевна | - Компьютерлік инженерия кафедрасы, п.ғ.к., аға оқытушы |
| 2. Амиртаев Канат Батталович | - Компьютерлік инженерия кафедрасы, аға оқытушы |
| 3. Искендірова Гүлзипа Сарыбайқызы | - Компьютерлік ғылымдар кафедрасы, аға оқытушы |
| 4. Садыбеков Руслан Шаралбаевич | Компьютерлік ғылымдар кафедрасы, аға оқытушы |
| 5. Байжанов Мурат | - «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Түркістан облысы бойынша өкілдігінің басшысы |
| 6. Абен Арипжан Бахтиярович | 8D06115-Ақпараттық жүйелер ББ докторанты |
| 7. Исаков Даврон Шавкатугли | 7M06128- Ақпараттық жүйелер ББ магистранты |
| 8. Абдіхалық Алпамыс Шералыұлы | 6B06151-Ақпараттық жүйелер ББ студенті |

Академиялық комитеттің жұмысын ұйымдастыру үшін, жалпы ережелермен танысу, 2024-2025 оқу жылына жұмыс жоспарын әзірлеуге байланысты АК мүшелерінде қандай ұсыныс бар екенін ортаға салып талқылауды ұсынды.

АК мүшелері өз ойларын айтты. Жұмыс жоспарын жасауда назарға алынатынын жеткізді.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша АК төрағасы Н.М.Жунисов: екінші мәселе ББ даму жоспарын (2024-2029 жж) әзірлеу, талқылау, бекітуге ұсыну туралы айтты.

АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі Байжанов М.Д.: алдымен сіздермен 2024-2025 оқу жылында қайта әріптес ретінде, академиялық комитеттің іс-шараларын ұйымдастыруға, талқылауға қатысып отырғаныма қуаныштымын. ББ даму жоспарын (2024-2029 жж) әзірлеуде маман даярлауға қойылатын негізгі талаптарды басшылыққа ала отырып түзілу керектігін айтты. Қазіргі таңда «Ақпараттық – коммуникациялық технологиялар» даярлау бағыты бойынша білім бағдарламаларын меңгерген түлектер өзінің кәсіптік қызмет саласында жүйелерді жобалау, әзірлеу, енгізу, сүйемелдеу және есептеу жүйелері мен желілерді сүйемелдеу, тестілеу саласында қызметтер көрсете алатындай болуы тиіс және осы бағытта қолдау көрсетуге дайын екендігін жеткізіп, өзінің ұсыныстарымен толықтырып өтті.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша АК төрағасы Н.М.Жунисов: үшінші мәселе Аккредитациядан өткен ББ бойынша іс-шаралар есептерін және постмониторинг есептерін даярлау туралы айтты.

АК мүшесі Амиртаев К.Б.- жалпы АК мәжілісінің күн тәртібіне қойылған мәселе бойынша Аккредитациядан өткен ББ бойынша іс-шаралар есептерін және постмониторинг есептерін даярлауда ескертулерді назарға алу керектігін жеткізді. Сонымен қатар АК құрамына енгізілген өзгерістер, жоспарлар түзу бойынша ұсыныстарды қолдайтынын айтты.

АК төрағасы Н.Ж.Жунисов қорытынды сөз алып: Ақпараттық – коммуникациялық технологиялар даярлау бағыты бойынша АК ережесі таныстырылды, АК жұмыс жоспары әзірленді, сонымен қатар АК құрамы және Академиялық комитеттің 2024-2025 оқу жылына жұмыс жоспары, Аккредитациядан өткен ББ бойынша іс-шаралар есептерін және постмониторинг есептері, ББ даму жоспарын (2024-2029 жж) әзірленіп бекітуге ұсынылатынын айтты.

Күн тәртібіндегі төртінші мәселе Қыркүйек, қазан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау бойынша АК мәжілісінің келесі отырысында талқылануын ұсынды.



АК мүшелері ұсынысты бірауыздан қолдады.

Шешім:

1. Академиялық комитет құрамы жасақталып, бекітуге ұсынылсын.
2. Ақпараттық – коммуникациялық технологиялар даярлау бағыты бойынша 2024-оқу жылына атқарылатын іс-шаралар жоспары түзіліп, Ережелермен таныстырылсын.
3. Ақпараттық – коммуникациялық технологиялар даярлау бағыты бойынша ББ даму жоспары (2024-2029 жж) бекітуге ұсынылсын.
4. Аккредитациядан өткен ББ бойынша іс-шаралар есептері және постмониторинг есептері даярлансын.

Ақпараттық – коммуникациялық технологиялар
даярлау бағыты бойынша
Академиялық комитет төрағасы:

Хатшы:

 Н.М.Жунисов
 Г.С.Искендірова